

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы
өтетіні туралы хабарлама**

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – биржа) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғам туралы" заңының (әрі қарай – Заң) 35 бабы 1 тармағы және 37 бабының 3 тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы заңының 41 бабына сәйкес, Директорлар кеңесінің бастамасымен шақыртылатын (2022 жылдың 06 сәуіріндегі №12 отырыс хаттамасы), биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2022 жылдың 30 мамырында** (Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15.00-де) Алматы қ., Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көп салалы кешенінің Солтүстік ғимараты, 1-ші қабат мекен-жайында болып өтеді.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2022 жылдың 30 мамырында (Нұр-Сұлтан уақытымен) сағат 14.00-ден 14.45-ке дейін жүргізіледі.

Кворум болмаған жағдайда биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылдың 31 мамырында (Нұр-Сұлтан уақытымен) сағат 15.00-де сол мекен-жай бойынша өткізіледі. Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2022 жылдың 31 мамырында (Нұр-Сұлтан уақытымен) сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін жиналыс өтетін мекен-жайда жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2022 жылдың 15 сәуірінде алматы уақытымен сағат 00.00-дегі жағдайы бойынша құрастырылады.

**Биржа акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының күн тәртібі**

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2021 жылғы қызметі туралы.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2021 жылға жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы".
3. "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының 2021 жылғы таза табысын бөлу тәртібін және "Қазақстан қор биржасы" АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту туралы.
4. "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды анықтау туралы.
5. Акционерлердің "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.
6. Директорлар кеңесінің және "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының мүшелеріне 2021 жылғы сыйақысының мөлшері және құрамы туралы ақпарат.
7. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің Мүшелеріне 2021 жылға сыйақы беру туралы.
8. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақы мөлшерінің өзгеруі туралы.

Заңның 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционер немесе Қоғамның акционерлері мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабардар етілген жағдайда Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін немесе заңның 43-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Заңның 44-бабының 4-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Биржа Басқармасының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Биржаның корпоративтік веб-сайтында биржа акционерлеріне арналған бөлімде <https://www.kase.kz>. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болады.

Биржа акционерінің сұратуы болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты қосымша ақпаратпен мына телефон арқылы танысуға болады: 8 (727) 237 53 43.

Осы арқылы биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің келесі тәртібімен танысуды ұсынамыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы қажет. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету немесе оның мүдделерін білдіру құқығын растайтын құжатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлауды өткізеді, ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды.

Заңның 50 – бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беру жағдайларын қоспағанда, "бір акция – бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Төрағаның қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ күн тәртібіндегі мәселені талқылауда, мұндай сөз сөйлеулерді акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған кезде тоқтатылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы шешім қабылдауға құқылы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

Заңның 52-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалады және оған қол қойылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Заңның 35-37, 39-48, 50-52-баптарына және биржа Жарғысының 15-бабына сәйкес өткізіледі.

Биржа акционерлерін Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.